



Published on Информационно-Аналитический центр (<http://iac.kz>)

[Home](#) > ММУ жадында дарынды балаларға арналған мектеп-интернаты ашылады

*Российское образование, 23.05.2016*



М.В.Ломоносов атындағы ММУ-нің дарынды балаларға арналған мектеп-интернаты оқу жылының басында ашылады.

Мектеп-интернатындағы оқу процесі дәстүрлі пәндік оқыту мен пәнаралық білім беру модельдерінің сабақтастығы негізінде құрылады. Міндетті білім беру модульдерімен қатар, оқушы оған жеке әлеуетті ашуға, жобаларды іске асыруға көмектесетін пәндерді де тандай алатын болады.

Мектеп-интернаты оқытуды ақпараттық-математикалық, гуманитарлық, инженерлік, жаратылыстану-ғылыми және қоғамдық-экономикалық бес бағыт бойынша ұсынады.

Әр білім алушы тәлімгерімен бірге өзі дайындаған жеке оқу жоспары бойынша білім алады. Осындай тәсіл оқушының әлеуетін толық ашуға және олардың интеллектуалды және шығармашылық қабілеттерін іске асыруға мүмкіндік береді.

Оқушылар әлем дамуының жаһандық мәселелері, қоғам қажеттіліктері мен ММУ ғылыми мүдделерінен туындаған білім жобаларының жұмысына тартылады. Жобаларды әзірлеу барысында мектеп-интернатының зертханалары мен ММУ инфрақұрылымын пайдаланады.

